ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 17 ақпан №1912-25-00-2/2948 іс Алматы облысы Қонаев қаласы

Алматы облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.А. Бағжанов,
сот отырысының хатшысы Д.Ж. Құттыбектің қатысуымен,
ашық сот отырысында электрондық азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Шарын» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер "ALMA", атынан Алма Бейбутовна Ламашева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілдері Д.А. Атманов және Н. Ерболат
Жауапкердің өкілі Р.Р. Токумбетов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 15 қазанда «Шарын» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Тапсырыс беруші, талап қоюшы) мен Жеке кәсіпкер "ALMA", атынан Алма Бейбутовна Ламашеваның (бұдан әрі - «Мердігер/Орындаушы», жауапкер) арасында жалпы сомасы 2 500 000 теңгеге №113 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) жасалды.

Шарт бойынша №1 қосымшаға сәйкес, дайындау бойынша жұмыстар жарнамалық/ақпараттық конструкциялары (бұдан әрі – Жұмыс), келісім шарт күшіне енген күннен бастап 20 күнтізбелік күні ішінде деп белгіленген, яғни 2025 жылдың 4 қараша дейін жұмыстарын аяқтау тиіс болатын.

Құжатқа қол қойылған: Бағжанов О. А., 24.02.2026
Заңды күшіне енген күні: 26.03.2026, судья Бағжанов О. А., 07.04.2026
1912-25-3-1/3371

2025 жылғы 25 қарашада веб-портал арқылы Орындаушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы себебінен бұзу туралы хабарлама жіберілді.

2026 жылғы 1 қантарда Тапсырыс беруші Шартты орындамауына байланысты бір жақты тәртіппен бұзды.

Талап қоюшы сотқа талап қоюды келтіріп, Шарт бойынша аталған мерзіміде жауапкер өз міндеттемелерін орындаған жоқ, соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын 53 550 теңгені өндіруды талап етті.

Жауапкер пікірде талап қоюымен келіспей, техникалық шарттарға және ұйым өкілімен ауызша келісімге сәйкес қызмет көрсету шарттары келісілді. Шарттың техникалық сипаттамаларында тараптар келісілген мерзімдер де көрсетілген, осылайша жұмыстың аяқталу мерзімі 2025 жылдың 25 желтоқсанына дейін белгіленген. Парк қызметкерлері де барлық материалдар мен эскиздерді уақытында бере алмаған. 2025 жылдың 24 қыркүйегінде веб-порталда билборд эскиздерін ұсынуды сұрап, шартты бекіту үшін хабарлама жіберді.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды толығымен қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі сотта талап қоюмен келіспей, оны қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі-АК) 272 бабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-нің 293 бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу /айыппұл, өсім/ деп танылады.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8 бабы 4 тармағы 3 тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталды, 2025 жылғы 15 қазанда тараптардың арасында жалпы сомасы 2 500 000 теңгеге №113 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды.

Шарт бойынша №1 қосымшаға сәйкес, дайындау бойынша жұмыстар жарнамалық/ақпараттық конструкциялары, келісім шарт күшіне енген күннен

Сот өндірісі
Құжатқа қол қойылған: Багжанов О. А., 24.02.2026
Заңды күшіне енген күні: 26.03.2026, судья Багжанов О. А., 07.04.2026
1912-25-3-1/3371

бастап 20 күнтізбелік күні ішінде деп белгіленген, яғни 2025 жылдың 4 қараша дейін жұмыстарын аяқтау тиіс болатын.

2025 жылғы 25 қарашада веб-портал арқылы жауапкерге Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы себебінен бұзу туралы хабарлама жіберілді.

2026 жылғы 1 қантарда талап қоюшы Шартты орындамауына байланысты бір жақты тәртіппен бұзды.

Шарттың 6.1 тармақшасына сәйкес, жұмыс орындалды деп саналады Орындаушының Жұмыстарды осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға толық сәйкестікте Тапсырыс берушіге толық тапсырған жағдайда орындалды деп саналады.

Сот жауапкердыдің дәлелдерін ескере алмайды, себебі талап қоюшы оған 2025 жылдың 24 қазанда эскизды ұсынған. Сонымен қатар, аудиохабарламаларға сәйкес, талап қоюшының өкілдері қарана айында мессенджер арқылы эскизды ұсынған, оны жауапкер растады. Осылайша, жауапкер 2025 жылдың соңына дейін келісім шарттарын орындау мүмкіндігіне ие болды. Алайда талап қоюшының хабарландыруына қарамастан, жұмысты уақытымен аяқтамады және тапсырмады.

Осы мән-жайларды ескере отырып, жауапкер жұмысты уақытымен және сәйкессіздік актыны жасамалғандықтан, толық тапсырмағандықтан, талап қоюшының мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп санайды.

АК-нің 293 бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу /айыппұл, өсім/ деп танылады.

Шарттың 8.3 тармақшасына сәйкес, Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы соммасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер соммасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс деп көрсетілген.

Жаусапкер жұмыстар жарнамалық/ақпараттық конструкциялары мерзімін 21 күнге өткізіп алды. Шарттың жалпы сомасы 2 550 000 теңге, оның 0,1 % = 2 550 теңге * 21 күн = 53 550 теңге тұрақсыздық айыппұл құрайды.

Осылайша, жауапкерден 53 550 теңге көлемінде тұрақсыздық айыппұл өндірілуі тиіс.

Мұндай мән-жайларға сәйкес сотқа жүгінген талап қоюышының талаптарын сот қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 541 бабы, 16 тармағына сәйкес талапкер мемлекеттік баж салығын төлеуден босатылады.

Құжатқа қол қойылған: Багжанов О. А., 24.02.2026
Заңды күшіне енген күні: 26.03.2026, судья Багжанов О. А., 07.04.2026
1912-25-3-1/3371

Қазақстан Республикасының Азаматтық процесстік кодексінің (әрі қарай-АПК) 117-бабына сай, жауапкерден мемлекет пайдасына мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223 – 226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Шарын» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі жауапкер жеке кәсіпкер "ALMA", атынан Алма Бейбутовна Ламашеваны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбынды өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер "ALMA", атынан Алма Бейбутовна Ламашева мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер "ALMA", атынан Алма Бейбутовна Ламашевадан мемлекет пайдасына 53 550 (елу үш мың бес жүз елу) теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын және сот шығындар есебінде 3 770 (үш мың жеті жүз жетпіс) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтіруге болады.

Судья **О.А. Бағжанов**

Құжатқа қол қойылған: Бағжанов О. А., 24.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 26.03.2026, судья Бағжанов О. А., 07.04.2026

1912-25-3-1/3371